

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін кәсіптік практиканы откізуге ариалған шарт

№ 1

Өскемен қ.

«10» 09 2024 ж.

Шығыс Қазақстан Облысы әкімдігінің білім басқармасы «Абай атындағы Шығыс

(білім беру үйымның атасы)

Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМКК, бұдан ері «білім беру үйымы» деп аталатын, директор Ф. Курмановтың атынан, 27 шілде 2007 жылдың, № 319-ШЗРК Қазақстан

(басының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Республикасының «Білім туралы» Занының негізінде және Білім беру үйымының Жарғысы

(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)

№ 990340005570 21.01.2019 ж. негізінде әрекет етуші бір жағынан, БСН 961240001383

ЖСК KZ06070103KSN1816000 СТН 181600038129

(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)

негізінде әрекет етуші, директордың Э. Сайлаубек атынан,

(басының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

бұдан ері «кәсіпорын (үйым)» деп аталатын Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Шекерім атындағы №1 орта мектебі»

(кәсіпорынның атасы)

КММ деп аталатын екінші жақтан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамага сәйкес төмендегілер туралы осы шартты жасады:

1. Шарттың мәні

1. Білім беру үйымының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оку жылдары түсken білім алушыларды 011302000 «Қосымша білім беру» мамандығы, 4S0110202 «Педагог-үйымдастырушы», 4S01130203 «Білім беру үйымының тәлімгері» біліктілігі; 01140100 «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы, 4S01140101 «Бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі; 01140500 «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы, 4S01140501 «Дене тәрбиесі мұғалімі» біліктілігі; 01140600 «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы, 4S01140601 «Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі», 4S01140605 «Шетел тілі мұғалімі», 01140700 «Информатика» мамандығы, 4S01140701 «Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі» біліктілігі білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды жүзеге асырады.
2. Кәсіпорын (үйым) білім алушыларды білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практиканың базасымен қамтамасыз етеді.

2. Тараптардың күкіктары мен міндеттері

3. Білім беру үйымы:

1) осы Келісімге, білім беру үйымының жарғысына, білім беру үйымының ішкі тәртіп қағидаларына және білім беру үйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім алушыдан адал және тиісті міндеттерді орындаудың талап етуге күкілі.

4. Білім беру үйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) күндізгі оку нысаны бойынша білім алушыларды 011302000 «Қосымша білім беру» мамандығы, 4S0110202 «Педагог-үйымдастырушы», 4S01130203 «Білім беру үйымының тәлімгері» біліктілігі;

01140100 «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы, 4S01140101 «Бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі; 01140500 «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы, 4S01140501 «Дене тәрбиесі мұғалімі» біліктілігі; 01140600 «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы, 4S01140601 «Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі», 4S01140605 «Шетел тілі мұғалімі», 01140700 «Информатика» мамандығы, 4S01140701 «Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі» біліктілігі кәсіптік практиканадан өту үшін кәсіпорынға жібереді;

2) осы Шартта көрсетілген міндеттер мен жауапкершілікпен таныстыру;

3) кәсіптік практиканың бағдарламасын және кәсіптік практиканадан өтудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;

- 4) кәсіпорынга (ұйымға) кәсіптік практиканың басталуынан екі апта бүрін білім алушылардың санын көрсетіп, кәсіптік практиканың бағдарламасын, практикадан өтудін күнтізбелік кестесін ұсыну;
- 5) білім беру ұйымның тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар және өндірістік оқыту шеберлері арасынан практика жетекшілерін білім беру ұйымның басшысының бұйрығымен бекіту;
- 6) кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушымен сақталуын қамтамасыз ету;
- 7) білім беру бағдарламасы мен оқу процесінің тізбесіне сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтудін ұйымдастыру және мерзімді бақылауды жүзеге асыру;
- 8) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың кәсіптік практиканы ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;
- 9) қажеттілігіне қарай кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;
- 10) егер олар практикадан өту барысында білім алушының қатысуымен жазатайым оқиғалар болған жағдайда оларды тергеуге қатысу;
- 11) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда кәсіпорынды (ұйымды) хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау.

Кәсіпорынның (ұйымның) міндеттері мен құқықтары

5. Кәсіпорын:

- 1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысуға;
- 2) кәсіпорынның қажетtelіктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;
- 3) білім алушылардың қорытынды атtestаттауына қатысуға;
- 4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы акпарат сұрастыруға;
- 5) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің болжалдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап етуге құқылы.

6. Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:

- 1) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (кауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының қауіпсіз еңбекті әдістеріне оқытуды жүргізу;
- 2) тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде алған мамандыққа сәйкес білім алушылардың қабылдау үшін түлектің кандидатурасын қарастыру;
- 3) білім беру ұйымына оқу процесінің кестесіне сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;
- 4) осы шарттың ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтар бойынша кәсіби практикаға жолдамаға сай білім алушыны қабылдау;
- 5) практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеу;
- 6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушының кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуді қамтамасыз ету;
- 7) білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша, өндірістік оқыту немесе кәсіптік практика бағдарламалары бойынша үлгірмеуі, сонымен қатар физикалық және психологиялық жағдайдың сәйкес келмеуі барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;
- 8) білім алушының кәсіби практиканың бағдарламасын толық игеруі және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сыйбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарында қажетті жағдай жасау;